

ҚАЗАҚ ТІЛІ

4 сынып

Тақырыбы:
«Менің Қазақстаным»

Фазылова

Роза Хабибуллиновна

Қарағанды облысы

Осакаров ауданы

Ақпан селосындағы НМ

мұғалімі



САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Грамматикалық тақырып.
- III. Лексикалық тақырып.
- IV. Сөздік жұмысы.
- V. Тапсырмалармен жұмыс.
 - 1-тапсырма.
 - 2-тапсырма.
 - 3-тапсырма.
 - 4-тапсырма.
- VI. Бекіту.
- VII. Үйге тапсырма беру. Бағалау.

САБАҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

- **Білімділік.** Жаңа тақырып бойынша оқушыларға сапалы білім беру, сөздік қорларының сапасын көтеру. Буын түрлерін ажырата білуге дағдыландыру. Үндестік заңының сақталуын игеру. Практикалық жұмысқа көп мән беріп, тілдесімге жетелеу.
- **Дамытушылық.** Қойылған сұраққа және сызба бойынша жүйелі жауап беруге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту.
- **Тәрбиелік.** Отанын сүюге, өз Отанының рәміздерін білуге, қадірлеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушыларды сауаттылыққа тәрбиелеу. Ұжымда еңбек ету, бір-біріне деген достық ықыластарын ояту.



Үндестік заңы

Буын үндестігі

Дыбыс үндестігі

қатаң+қатаң
(б, в, г, д)
бас+тық

ұяң+ұяң, үнді
(б, в, г, д
әріптен басқа)
ауыл+ға

...к	} г	
...п+деу		б
...қ		ғ

шелек+і – шелегім
кітап+ы – кітабым
тарақ+ы – тарағым


жуаң + жуаң + жуаң
оқу + шы + лар

жіңішке + жіңішке + жіңішке
етік + ші + лер

БУЫН ТҮРЛЕРІ

Ереже: Сөздің айтылуына бөлшектенетін бір толқынды буын деп атайды.

Буынның үш түрі бар: ашық, тұйық, бітеу.



Сөздік жұмысы

1. Жаңа сөздермен танысайық, аударайық.
2. Сөздерді дұрыс айтайық, сауатты жазайық:
 - а) мұғалім мәнерлеп оқиды;
 - ә) сендер дауыстап қайталайсыңдар;
 - б) тізбектеп оқисыңдар.



ЖАҢА СӨЗДЕР

Отан – Родина

елтаңба – герб

мемлекет – государство

әнұран – гимн

ту – знамя, флаг

астана – столица



Балалар!
Сендер үш топқа бөлініп,
берілген сөздермен
сөйлемдер құрастырыңдар.

I топ: Отан, мемлекет.

II топ: ту, елтаңба.

III топ: әнұран, астана (елорда).



1-тапсырма:

Қазақстанның рәміздерін біліп ал.

Диалогты оқы, біліп ал.

- Рәміздерді ата.
- Ту, Елтаңба, Әнұран.
- Ту неге көгілдір түспен боялған?
- Ол көгілдір ашық аспанды білдіреді.
- Туда нелер бейнеленген?
- Алтын күн, дала қыраны, ою-өрнек бейнеленген.
- Олар неге сары түспен боялған?
- Қазақстан - астықтың Отаны. Біздің еліміз нанға бай.
- Елтаңбада нелер бейнеленген?
- Елтаңбада шаңырақ, қанатты тұлпар, бесбұрышты жұлдыз бейнеленген.



2-тапсырма.

Мәтінді түсініп оқы, аудар.

Қазақстан

Біздің Отанымыз - Қазақстан. Қазақстанның өз Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар.

Қазақстан Республикасының Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласы. Астана – жас қала. Қазақстан – үлкен мемлекет.


Үлгі эталоны:

Біздің Отанымыз – Қазақстан.

Наша Родина – Казахстан.



3-тапсырма.



Сызба бойынша сұрақтарға жауап бер



4-тапсырма.

Сөйлеп үйрен.

- Менің Отаным - Қазақстан.
- Сенің Отаның - Қазақстан.
- Сіздің Отаныңыз - Қазақстан.
- Оның Отаны - Қазақстан.



V. Бекіту.

Тірек сызба бойынша
жаңа сөздерді пайдаланып,
1-2 сөйлем құрастырындар.



VI. Үйге тапсырма беру. Бағалау.

- 1) Жаңа сөздерді жаттау.
- 2) Ережені жаттау.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы **1992** жылы 4 маусым айында бекітілді
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы **Ш. Ниязбеков**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ



- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы **1992** жылы 4 маусымда бекітілді
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары:
Ж. Мәлібеков,
Ш. Уәлиханов



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев

Әні: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің
- Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің
- Қазақстаным!



1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Қазақстанның президенті кім?
3. Қазақстанның астанасы қай қала?
4. Қазақстанның бұрынғы астанасы қай қала?
5. Астана қандай қала?
6. Сен Астанада болдың ба?

